«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 22 ж. « 25 » 11 ЖҮРГІЗІЛДІ
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 21.11 ЖЫЛ 2019
БСН 191140021828

«Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ
2022 жылғы « __ » _________
№ ________ бұйрығына
қосымша

Астана қаласы әкімдігінің «№ 88 мектеп-лицей»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Жарғысы

1. Жалпы ережелер

1. Астана қаласы әкімдігінің «№ 88 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы мекемеде білім беру қызметін жүзеге асыру үшін құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мекеме Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 01 қарашадағы № 107-1437 «Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 88 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы» қаулысының негізінде құрылған.

4. Мекеменің құрылтайшысы, сондай-ақ оған қатысты субъектінің функцияларын, оның мүлкіне қатысты құқығын жүзеге асыратын орган Астана қаласының әкімдігі болып табылады (бұдан әрі – әкімдік).

5. Мекемені басқаруды жүзеге асыратын орган «Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – уәкілетті орган) болып табылады.

6. Мекеме өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Білім беру туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін және осы Жарғыны басшылыққа алады.

7. Мекеменің толық атауы: Астана қаласы әкімдігінің «№ 88 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мекеменің қысқартылған атауы: Астана қаласы әкімдігінің «№ 88 мектеп-лицей» КММ.

8. Мекеменің заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Е 321 көшесі, 18 ғимарат.

100. Өзгерістер мен толықтырулар мекеменің Жарғысына бұйрықп
енгізіледі тиісті саланың уәкілетті органының ұсынуы бойынша Мемлекетт
мүлік жөніндегі уәкілетті органды хабардар етеді.

101. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырул
енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

## 14. Мекемені қайта құру және тарату шарттары

102. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату әкімдіктің шеші
бойынша жүргізіледі.

103. Мемлекеттік заңды тұлға заң актілерінде көзделген басқа
негіздер бойынша таратылады.

104. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды жә
таратуды жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

105. Таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның мүлкі, кредиторлард
талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлікті мемлекеттік мүл
жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органдар қайта бөледі.

106. Таратылған мекеменің ақшасы, осы заңды тұлғаның мүлкін өткі
нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, кредиторлардың талаптар
қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақша тиісті бюджеттің кірісі
есептеледі.

---

**Нөмірленіп,бақыланып және мөрмен бекітілді**

30 бет

Пронумеровано,прошнуровано и скреплено

печатью

39 листов

**Астана қаласының әкімшілігі**